



БҰЙРЫҚ
Жымпиты ауылы

06.05.2025 нм

ПРИКАЗ
поселок Жымпиты

№ 206

**Білім қызметкерлері арасында
аудандық «Европа-Азия» туристік
фестивалін өткізу туралы**

Сырым ауданының білім беру бөлімінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, Орал өңіріндегі балалар туризміне 65 жыл толуына орай білім беру ұйымдары қызметкерлері арасында тәжірибе алмасу, туристік шеберлік деңгейлерін көтеру және салауатты өмір салтын насихаттау, ұжымдық қарым-қатынасты нығайту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім қызметкерлері арасындағы «Европа-Азия» туристік фестивалі 2025 жылдың мамыр айының 26-27 күндері Аралтөбе ауылында далалық жағдайда өткізілсін.

2. Фестивальдің қазылар алқасы мен ережесі бекітілсін (жалғанды: 1,2,3 қосымша).

3. Барлық білім беру мекемелері ережеге сәйкес толық құраммен (жабдық, көлік, жанар-жағармай қатысушы тарапынан) фестивальге қатыстырылсын.

4. Фестивальге байланысты ұйымдастыру жұмыстары жүргізу аудандық «Жас туристер станциясы» КММ-нің директоры Б.Батыршинге, білім беру бөлімінің әдіскерлері Б.Джанбулсиновке, А.Бекмухановаға, Г.Шайхиеваға, фестиваль өтетін жерді дайындау (тазалық жүргізу, ауыз су тасымалдау, әжетхана орнату, ток генераторымен қамтамасыз ету, (қажет болған жағдайда мектептен жатын орын)) Аралтөбе жалпы орта білім беретін мектебінің директоры М.Келмухановқа (келісім хат арқылы ауылдық округ әкіміне), шараның ашылуы мен жабылу салтанатына концерттік бағдарлама (аппаратура маманымен, 2-3 номер, жүргізуші) әзірлеу және кешкі алау жанында шара (ойын түрінде) ұйымдастыру аудандық «Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» МКҚК директорының м.а. Г.Рахметова және «Балалар музыка мектебі» МКҚК директорының м.а. Д.Кажығалиевке міндеттелсін.

5. Қажетті қаржы(марапатқа) бөлу бас есепші Б. Тулеушоваға тапсырылсын

6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы м.а.



Ә.Жамбылов

Білім қызметкерлері арасындағы «Европа-Азия» туристік фестивалінің ЕРЕЖЕСІ

1. Туристік фестивальдің мақсаттары мен міндеттері

- Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру;
- салауатты өмір салтын насихаттау;
- туристік шеберлікпен алмасу;
- спорттық бағдарлауды кеңінен насихаттау және дамыту;

2. Туристік фестивальдің өтетін орны мен уақыты

Білім қызметкерлері арасындағы «Европа-Азия» туристік фестивалінің ағымдағы жылдың мамыр айының 26-27 күндері Аралтөбе ауылында далалық жағдайда өтеді.

3. Туристік фестивальге қатысушылар

Туристік фестивальге ауданның білім беру қызметкерлері қатыстырылады.

- құрамы 8 адам (4 ер+2 әйел+ 1 қосымша) + 1 команда жетекшісі (мектеп басшысы бастап)

4. Туристік фестивальге басшылығы

Туристік фестивальді ұйымдастыру және өткізу аудандық «Жас туристер станциясы» КММ жүзеге асырады.

5. Туристік фестиваль бағдарламасы

Туристік кедергілер жолағы (3 ер 1 әйел)

Бұл қашықтықта команда мүшелері кездескен кедергілерді топпен бағындыруы тиіс.

1. Тышқан аулау (мышеловка) 2. Аспалы өткел, көлбеу тартылған маятник. 3.Траверс, маятник. 4.Аспалы бөрене, жерди. 5. Велотехника (көпір, жырадан өту). 6. Шыңжыр табан (гусиница).

6.Спорттық бағдарлау.

Бұл қашықтыққа 2 ер, 2әйел қатысады. Мұнда картамен жұмыс жасай білуі керек. Қашықтық арнайы электронды есептеу құралымен немесе кампостер арқылы өткізіледі.

7.Конкурстық шаралар

1. Команданың үздік таныстырылуы
2. Мобилограф (жарыс барысына 3 минуттық видео дайындап әлеуметтік желіге орналастыру). Мектептің парақшасына.
3. Туристік ең дәмді тағам
4. Туристік тұрмыс және дағды

8. Туристiк фестивалыге қатысушыларды қабылдау шарты

Жарысқа қатысу туралы өтiнiш, дәрігер рұқсатнамасы мен 2 күнге жетерлік азық-түлік (ауыз су) және жеке, топтық туристік жабдықтардың (шатыр, волчатник, компас, ыдыс-аяқтар, көрпе-көпшіктері және т.б.) сондай-ақ бірыңғай үлгідегі киім болуы қажет.

1. Қаржыландыру

Аудандық жарыстың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне байланысты шығындары (сыйлық қоры) білім беру бөлімінен бөлінеді.

Туристiк фестиваль өтетін жерге жету қатысушы команданың есебінен.

2. Марапаттау

Жалпы сынақта және жекелей көрсеткіште жүлделі орынға ие болған қатысушылар мен командалар сыйлықтар және грамоталармен марапатталады.

3. Туристiк фестивальдің өту барысы

26 мамыр 2025 жыл

1. 11:00-ге дейін - Командалардың келуі
2. 11:00-12:00 – Орналасу, тіркелу
3. 12:00-13:00 – Түскі ас.
4. 13:00-16:00 - Спорттық бағдарлау жарысы
5. 16:00-17:00 – Қашықтық көрсетілімі
6. 17:00-19:30 - Туристiк кедергілер жолағы
7. 19:30-20:00 – Кешкі ас
8. 20:00-20:30 - Туристiк фестивальдің ашылуы
9. 20.30 -22:00 - Көркемөнерпаздар сайысы
10. 22:00-23:00 – Алау жанындағы шара, би кеші.

27 мамыр 2025 жыл

1. 07.00- 08:00 – Таңғы ас
2. 08.00 –11:00- Туристiк кедергілер жолағы
3. 11:00-12:00- Мобилограф конкурсы
4. 13.00- Түскі ас. (Туристiк ең дәмді тағам, тұрмыс және дағды)
5. 15.00 – Туристiк фестивальдің жабылуы

Алдын-ала өтiнiштерді 2025 жылдың 19 мамырына дейін syrymturizim@mail.ru электронды адресіне жіберуіңіз сұралады.

Байланыс: Аудандық «Жас туристер станциясы» КММ

тел: 87058000036, 87778723377.

**Білім қызметкерлері арасындағы «Европа-Азия» туристік фестивалін
бағалаушы қазылар құрамы:**

№	Шара мазмұны	Жауапты
1	Туристік кедергілер жолағы	Б.Батыршин Р.Шуйншкалиев М.Тілеу Е.Рамазан Р.Магзумов С.Ажигалиев
2	Спорттық бағдарлау	М.Тілеу С.Ажигалиев Р.Шуйншкалиев
3	Команданың үздік таныстырылуы	Б.Батыршин Е.Бердигалиев А.Бекмуханова
4	Мобилограф	Р.Шуйншкалиев М.Мухамедова И.Кайргалиева
5	Туристік ең дәмді тағам	И.Кайргалиева Д.Дюсешева А.Тулешова
6	Туристік тұрмыс және дағды	Б.Батыршин Е.Ескабулов Н.Кәкімжан